SONY

Цифрлы диктофон

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

ICD-PX470



4-595-545-**44**(1)

© 2016 Sony Corporation Printed in China


Мазмұны

Қараңыз: Анықтамалық нұсқаулық 3
Жеткізу жинағын тексеріңіз 3
Басқару компоненттері мен органдары 4
Жаңа цифрлы диктофоныңызды қолданып көріңіз 6
Қуат көзін қосу 6
Бастапқы баптаулар 7
Жазу 9
Тыңдау 11
Жою 12
HOME мәзірін пайдалану 13
OPTION мәзірін пайдалану 15
Файлдарды цифрлы диктофоннан компьютерге көшіру 15
Sound Organizer 2 бағдарламасын орнату 16
Сақтық шаралары 18
Техникалық сипаттамалары 21
Тауарлық белгілер 23
Лицензия 24

Қараңыз: Анықтамалық нұсқаулық

Бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулықта цифрлы диктофонның негізгі операциялары бойынша нұсқаулар бар.
Анықтамалық нұсқаулық онлайн пішінде ұсынылған.
Қараңыз: Операциялар және ақау пайда болған жағдайда оны жою әдістері жайлы анағұрлым толық ақпарат алуға арналған ақпараттық нұсқаулық.

http://rd1.sony.net/help/icd/p47/h_ce/






Жеткізу жинағын тексеріңіз

- Цифрлы диктофон (1)
- LR03 сілтілі батареялары (2) (AAA өлшемді)
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық (осы нұсқаулық)
- Кепілдік талоны
- Қолданбалы бағдарламалық жасақтама, Sound Organizer 2 (Орнату бағдарламасының файлы құрылғының кіріктірілген жадында сақталады, бұл оны компьютерге орнатуға мүмкіндік береді.)

Басқару компоненттері мен органдары




1 Кіріктірілген микрофондар (стерео) (сол)
2 Кіріктірілген микрофондар (стерео) (оң)
3 Жұмыс көрсеткіші
4 Дисплей терезесі
5 ●REC/PAUSE (жазу/кідірту) батырмасы
6 ■STOP батырмасы
7 Басқару батырмасы (▲DPC (Digital Pitch Control - цифрлы тон жоғарылығын реттегіш), ▼ ⮎ A-B (қайталау A-B)/⏮(артқа/артқа жылдам ауысу), ▶▶⏭(алға/алға жылдам ауысу))
8 Батырма▶ (жаңғырту/енгізу)*
9 Батырма •BACK/▬ HOME (•: басыңыз,▬: басыңыз және ұстап

тұрыңыз)
10 T-MARK батырмасы (жолақ маркері)
11 OPTION батырмасы
12 Орнатылған дауыс зорайтқыш
13 Бауға арналған саңылау (Бау цифрлы диктофонмен бірге берілмейді.)
14 USB жалғағыштың қуысы
15 Ұяшық (құлаққап)
16 Ұяшық (микрофон) (PLUG IN POWER)*
17 VOL -/+ батырмасы (дыбыс деңгейі -/+)*
18 Слот қақпағы
19 MicroSD жады картасына арналған слот (Карта слоты қақпақ астында.)
20 USB сырғытпасы
21 HOLD•POWER ауыстырып қосқышы
22 Батарея бөлімі

* Батырмада ► (қосу/енгізу), VOL -/+ (дыбыс деңгейі -/+) батырмасында және ұяшықта (микрофон) (PLUG IN POWER) тактильді нүкте бар. Цифрлы диктофонды қолданғанда тактильді нүктені бағыттағыш ретінде пайдаланыңыз.

Жаңа цифрлы диктофоныңызды қолданып көріңіз

Қуат көзін қосу




① **Батареяларға арналған бөлімнің қақпағын жылжытып, орнатыңыз да, LR03 сілтілі батареяларын (AAA өлшемді) көрсетілген бағытын сақтай отырып орнатыңыз, қақпағын жабыңыз.**

② **Қуат көзін қосыңыз.**

Қуат көзіне қосу үшін


HOLD•POWER ауыстырып қосқышын «POWER-ге» қарай жылжытып, дисплейде терезе ашылғанша ұстап тұрыңыз. Қуат көзінен ажырату үшін HOLD•POWER ажыратып қосқышын «POWER-ге» қарай жылжытып, дисплейде «Power Off» хабарламасы пайда болғанша ұстап тұрыңыз.

Кездейсоқ операцияларды болдырмау үшін (HOLD)
HOLD•POWER ажыратып қосқышын «HOLD» бағытында жылжытыңыз.




Цифрлы диктофонның HOLD күйін өшіру үшін HOLD•POWER ажыратып қосқышын ортаға қарай жылжытыңыз.

Бастапқы баптаулар



Цифрлы диктофонды алғаш қосқанда дисплей терезесінде «Configure Initial Settings» экраны пайда болады. Содан кейін дисплей тілін таңдап, уақытты орнатуға және дыбыстық сигналды қосуды/өшіруді таңдауға болады.


① **Бастапқы баптауды іске асыру үшін «Yes» дегенді таңдаңыз.**



② **Дисплей тілін таңдаңыз.**
Сіз келесі тілдердің бірін таңдай аласыз:
Deutsch (неміс), English* (ағылшын), Español (испан), Français (француз), Italiano (итальян), Орыс, Türkçe (түрік)

* Үнсіз келісім бойынша баптау

③ **Қазіргі жылды, айды, күнді, сағатты және минутты қойыңыз.**




Сағат баптаудың алдыңғы элементіне өту үшін BACK/HOME дегенді басыңыз.

④ **«Next» -ті таңдаңыз.**




⑤ **Дыбыстық сигналды қосу не өшіру үшін «ON» немесе «OFF» -ты таңдаңыз.**
Бастапқы баптау аяқталған соң оның аяқталғаны туралы хабарлама, содан кейін HOME мәзірінің экраны пайда болады.



- Кез келген бастапқы баптауды кез келген сәтте өзгертуге болады. Анағұрлым толық ақпарат алу үшін қараңыз. Анықтамалық нұсқаулық.
- Батареяларды орналастырған немесе жаңасына ауыстырған кезде сағат қоятын дисплей пайда болып, батареяны алмас бұрын орындалған соңғы операцияның болжалды күні мен уақыты көрсетіледі. Сағатқа қазіргі уақытты қайта қойыңыз.
- Бастапқы баптаудан кейін қазіргі уақытты тексеру үшін HOLD•POWER ауыстырып қосқышын «HOLD» бағытында жылжытыңыз.

Жазу




- Цифрлы диктофонды пайдаланар алдында HOLD•POWER ажыратып қосқышының ортаңғы нүктеде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Сіз OPTION мәзірінен «Scene Select» дегенді таңдау арқылы жазбаның сюжетін әр жағдайға сай таңдай аласыз.

Жазылған файлдар үнсіз келісім бойынша «FOLDER01» папкасында 🗋 Recorded Files» бөлімінде сақталады.

① **HOME мәзірінен « Record» дегенді таңдаңыз.**

Дисплей терезесінде жазуды күту экраны пайда болады.



② **Жазылған файлдар сақталатын папканы таңдаңыз.**


Аудиофайлдарды «FOLDER01-ден» басқа папкада сақтау үшін жаңа папка құрып, файл сақтауға арналған папканы жаңасына ауыстырыңыз. Анағұрлым толық ақпарат алу үшін қараңыз. Анықтамалық нұсқаулық.

③ **Цифрлы диктофонды оған орнатылған микрофондар жазылатын дыбыс шығатын жаққа қарап тұратындай етіп орнатыңыз.**

④ **● REC/PAUSE батырмасын басыңыз.**

Жазу басталады, дисплейде «REC» көрсеткіші пайда болады да, жұмыс көрсеткіші қызыл болып жанады.

● REC/PAUSE батырмасын басып, ұстап тұрса жазу басталмайды. Бұл кезде цифрлы диктофон жазуында кідіріс болады.




Жазу кезінде жазу деңгейінің көрсеткіші (A) көрініп тұрады.

Орнатылған микрофонның бағытын, дыбыс көзіне дейінгі қашықтығын немесе микрофонның сезгіштігін ■ көмегімен көрсетілген келетін сигнал деңгейі 3/6 не 4/6-ға тең болатындай етіп өзгертіңіз, бұл жоғарыда көрсетілгендей оңтайлы диапазонға сай келеді.

⑤ **Жазбаны тоқтату үшін ■ STOP дегенді басыңыз.**
Дисплейде «Saving...» көрсеткіші пайда болады, содан кейін дисплей жазудың тоқтағаны көрсетілген экранды қайта көрсетеді. Жазу тоқтаған соң сіз жаңа ғана жазылған файлды тыңдау үшін ► баса аласыз.

Тыңдау




Жазылған файлдар үнсіз келісім бойынша «FOLDER01» папкасында Recorded Files» бөлімінде сақталады.

① **HOME мәзірінде «Recorded Files» дегенді таңдаңыз.**

② **«Folders» - «Built-In Memory» - «FOLDER01» дегенді таңдап, ► басыңыз.**
MicroSD картасында сақталған жазылған файлдарды тыңдау үшін «Folders» - «SD Card» дегенді таңдаңыз.

③ **Қажет файлды таңдаңыз.**
Жаңғырту басталады.




④ **Қосылған жазбаны тоқтату үшін ■STOP батырмасын басыңыз.**

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін VOL -/+ батырмасын басыңыз.
- Орнатылған дауыс зорайтқыш негізінен жазылған аудиофайлдарды тыңдауға арналған.
  Дыбыс деңгейі төмен немесе жазбаны түсіну қиын болса құлаққап (бірге ұсынылмайды) пайдаланыңыз.
- «Recorded Files» таңдаған жағдайда дисплей терезесінде сақталған файлдарды іздейтін категориялар пайда болады. Сіз «Latest Recording», «Search by REC Date», «Search by REC Scene» және «Folders» іздеу категорияларының бірін таңдай аласыз.

Жолақ маркерін қосу үшін

Сіз жолақ маркерін кейінірек файлды бөлуді немесе оны қосу барысында табуды қажет ететін орынға қоса аласыз. Әр файлға 98-ге дейін жолақ маркерін қосуға болады.
Сонымен қатар сіз жазу кезінде жолақ маркерін қоса аласыз.

Жою



Ескерту

Файлды жойған соң оны қайта қалпына келтіру мүмкін емес.


① **Жазылған файлдар арасынан жойылатын файлды таңдаңыз немесе жою үшін файлды қосыңыз.**

② **OPTION мәзірінде «Delete a File» дегенді таңдаңыз.**



«Delete?» деген хабарлама шығады да, таңдалған файл растау үшін қосылады.


③ **«Yes»-ті таңдаңыз.**



Появится сообщение “Please Wait”, которое будет отображаться до удаления выбранного файла.

HOME мәзірін пайдалану

HOME мәзірін жазылған файлды іздеу және қосу және цифрлы диктофон баптауын өзгертуді қоса алғанда, түрлі операциялар үшін пайдалануға болады.



① **• BACK/ - HOME батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.**

HOME мәзірінің экраны пайда болады.



HOME мәзірінің тармақтары келесі тәртіпте орналасқан.



* Қолданыстағы атқарым «XX»-те көрсетіледі.


② **Келесі тізімнен қажет атқарымды таңдаңыз:**

Music	Сіз компьютерден көшірілген файлдардың бірін таңдап, қоса аласыз. Музыкалық файлды іздеу үшін «All Songs», «Albums», «Artists» немесе «Folders-ті» таңдаңыз.
Recorded Files	Сіз цифрлы диктофон көмегімен жазылған файлдардың бірін таңдап, қоса аласыз. Жазылған файлды іздеу үшін «Latest Recording», «Search by REC Date», «Search by REC Scene» немесе «Folders-ті» таңдаңыз.
Record	Сіз күту экранын көрсетіп, содан соң жазуды бастай аласыз.
Settings	Сіз Settings мәзірін шығарып, цифрлы диктофонның түрлі баптауларын өзгерте аласыз.
Back to XX*	Сіз HOME экранының алдында көрсетілген экранға қайта орала аласыз. * Қолданыстағы атқарым «XX»-те көрсетіледі.


HOME мәзіріне кірер алдында көрсетілген экранға қайта оралу үшін ■STOP басыңыз.

OPTION мәзірін пайдалану

OPTION мәзірін цифрлы диктофонды баптауды қоса алғанда, түрлі функцияларды қосу үшін пайдалануға болады. Қолжетімді тармақтар жағдайға байланысты әртүрлі болады.



① **HOME мәзірінен қажет функцияны таңдап, содан соң OPTION батырмасын басыңыз.**



② **Баптауын өзгерту қажет мәзір тармағын таңдаңыз.**

③ **Қажет баптау опциясын таңдаңыз.**


Файлдарды цифрлы диктофоннан компьютерге көшіру

Файлдар мен папкаларды сақтау үшін цифрлы диктофоннан компьютерге көшіруге болады.

① **USB сырғытпасын нұсқарға қарай жылжытып, USB жалғағышты қосулы компьютердің USB портына орнатыңыз.**

② **«IC RECORDER» немесе «MEMORY CARD» папкасынан көшіргіңіз келетін файлдарды немесе папкаларды компьютердің жергілікті дискісіне көшіріңіз.**

Файлдарды немесе папкаларды көшіру үшін



1 Басыңыз және ұстап тұрыңыз,
2 сүйреңіз,
3 содан кейін жіберіңіз.

IC RECORDER немесе MEMORY CARD

Компьютер

③ **Цифрлы диктофон дисплейінде «Accessing» шығып тұрмағанына көз жеткізіңіз, содан соң цифрлы диктофонды компьютерден ажыратыңыз.**

Sound Organizer 2 бағдарламасын орнату

Sound Organizer бағдарламасын компьютерге орнатыңыз.
Sound Organizer бағдарламасы цифрлы диктофон мен компьютер арасында файл алмасуға мүмкіндік береді.
Музыкалық компакт-дискілер мен басқа да тасушылардан көшірілген композициялар, MP3 файлдары және компьютерден көшірілген басқа да аудиофайлдарды цифрлы диктофонға көшіруге, сонымен қатар оған жіберуге болады.

Ескертулер

- Sound Organizer бағдарламасы тек Windows орнатылған компьютерлерге сәйкес келеді. Ол Mac жүйесіне сәйкес келмейді.
- Бұл цифрлы диктофон тек Sound Organizer 2 бағдарламасына сәйкес келеді.
- Жадын пішімдегенде онда сақтаулы деректердің бәрі жойылады. (Sound Organizer бағдарламасы да жойылады.)

Sound Organizer-ді орнату барысында әкімші құқығын беретін жүйеге кіріңіз.

① **USB сырғытпасын нұсқарға қарай жылжытып, USB жалғағышты қосулы компьютердің USB портына орнатыңыз.**

② **Цифрлы диктофонды компьютердің сәтті анықтағанына көз жеткізіңіз.**

Цифрлы диктофон компьютерге қосулы болғанда цифрлы диктофонның дисплейінде «Connecting» хабарламасы пайда болып, көрініп тұрады.

③ **Мәзірге [Пуск] өтіп, [Компьютер] дегенді басыңыз, содан кейін [IC RECORDER] - [FOR WINDOWS] дегенді екі рет шертіңіз.**

④ **[SoundOrganizer_V2001] (немесе [SoundOrganizer_V2001.exe]) екі рет басыңыз.**

Компьютер экранындағы нұсқауды орындаңыз.

⑤ **Лицензиялық келісімнің шарттарымен келіскеніңізге көз жеткізіңіз, [I accept the terms in the license agreement] таңдаңыз, содан соң [Next] дегенді басыңыз.**

⑥ **[Setup Type] терезесі ашылған соң [Standard] немесе [Custom] дегенді таңдаңыз, содан кейін [Next] дегенді басыңыз.**

Экрандағы нұсқауды орындаңыз және [Custom] дегенді таңдап, орнату параметрін белгілеңіз.

⑦ **[Ready to Install the Program] терезесі пайда болған соң [Install] дегенді басыңыз.**

Орнату басталады.

⑧ **[Sound Organizer has been installed successfully.] терезесі пайда болғанда [Launch Sound Organizer Now] жалаушасын орнатыңыз, содан кейін [Finish] дегенді басыңыз.**

Ескерту

Sound Organizer орнатылған соң компьютерді қайта жүктеу қажет болады.

Сақтық шаралары

Қуат көзі

3.0 Тұрақты ток үшін: екі LR03 сілтілі батареяларын пайдаланыңыз (AAA) өлшемді

5.0 Тұрақты ток үшін: айнымалы токтың USB-бейімдегішін пайдаланған кезде
Тоқты номиналды тұтыну: 500 мА

Қауіпсіздік техникасы

Автокөлік жүргізгенде, велосипед тізгіндегенде немесе кез келген моторлы көлік құралын басқарғанда құрылғыны қолданбаңыз.

Құрылғыны пайдалану

- Құрылғыны жылу көздерінің жанына немесе күн сәулесі тікелей түсетін, шаң басқан немесе механикалық соққы тиетін жерлерде қалдырмаңыз.
- Құрылғының ішіне қатты немесе сұйық зат түскен жағдайда батареяларын алып, құрылғыны білікті маман тексергенше пайдаланбаңыз.
- Цифрлы диктофонды қолданғанда корпустың зақымдалуын немесе цифрлы диктофоннан ақау шығуын болдырмау үшін төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтаңыз.
  - Цифрлы диктофон артқы қалтаңызда болса, отырмаңыз.
  - Цифрлы диктофонды оған құлаққап сымы оралған күйде сөмкеге салмаңыз және сөмкенің ұрылуына жол бермеңіз.
- Құрылғыға су шашырауына жол бермеңіз. Құрылғы ылғалдан қорғалмаған. Әсіресе, келесі жағдайларда абай болыңыз.
  - Жуынатын бөлмеге қалтада тұрған құрылғымен кіргенде. Егер сіз еңкейсеңіз, құрылғы суға түсіп кетіп, су болып қалуы мүмкін.
  - Құрылғыны, ол жаңбыр, қар немесе тым ылғал әсеріне ұшырайтын жағдайда қолданғанда.
  - Терлеуіңіз мүмкін жағдайда. Егер сіз құрылғыны су қолмен ұстасаңыз немесе тер сіңген киімнің қалтасына салсаңыз құрылғы су болып қалуы мүмкін.
- Бұл бұйымның дыбыс деңгейінің жоғары болуы тыңдау кезінде есту қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Жолдағы қауіпсіздік үшін бұл құрылғыны автокөлік рөлінде отырғанда немесе велосипед

жүргізгенде пайдаланбаңыз.
- Егер сіз ылғал тым төмен жерде құлаққап қолдансаңыз, құлағыңыздың ауырғанын сезуіңіз мүмкін. Бұл құбылыс құлаққап ақауымен байланысты емес, ол денеде статикалық электр тоғының жиналуы салдарынан туындайды. Статикалық электр тоғының қалыптасуын төмендету үшін синтетикалық емес материалдан тігілген киім киіңіз.

Кедергілер
- Егер құрылғы айнымалы тоқ көздеріне, люминисцентті шам немесе мобильді телефонға жақын орналасса, жазу немесе қосу барысында шу естілуі мүмкін.
- Егер жазу кезінде цифрлы диктофонға қандай да бір зат, мысалы саусақ тигізсе шу жазылып қалуы мүмкін.

Құрылғыны күту
Корпусты тазалау үшін жұмсақ, сәл дымқыл шүберекті қолданыңыз. Содан кейін корпусты сүрту үшін жұмсақ құрғақ шүберек қолданыңыз. Спирт, бензин немесе еріткіш пайдалануға болмайды.
Осы құрылғыға қатысты сұрақ не мәселе туындаған жағдайда жақын маңдағы Sony дилеріне жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Батареяларды (батарея блогын немесе орнатылған батареяларды) шамадан тыс ыстық, мысалы күнге, отқа жақын жерге ұзақ уақыт бойынша қалдырмаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ!
Жарамсыз типті батареяны пайдаланғанда жарылу қаупі бар.
Қолданылған батареяларды нұсқаулыққа сай кәдеге жаратыңыз.
Жоғары дыбыстық қысым
Есту мүшелерін зақымдау қаупі
Ұзақ уақыт дыбыс деңгейі жоғары жазбаны тыңдаудан аулақ болыңыз



CE таңбалауының әрекет ету аясы ол заңмен қамтамасыз етілетін, негізінен EEA (Еуропалық экономикалық кеңістік) елдерімен шектеледі.

Қолданылған қуаттау элементтері мен қызметі аяқталған электрлі және электронды құрылғыны кәдеге жарату (Директива Еуроодақ пен қалдықты бөлек жинау жүйесі бар басқа елдерде қоданылады)



Құрылғыдағы, қуаттау элементіндегі немесе олардың қаптамасындағы бұл белгі құрылғы немесе қуаттау элементін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге жоюға болмайтынын білдіреді. Кейбір қуаттау элементтерінде бұл белгі химиялық элемент таңбасымен қоса қолданылуы мүмкін. Қорғасын (Pb) таңбасы оның мөлшері 0,004 %-дан асқанда көрсетіледі. Қызметі аяқталған құрылғылар мен қуаттау элементтерін дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз жою бойынша арнайы талаптарды орындамау салдарынан қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін зиянды әсердің алдын аласыз. Материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға ықпал етеді. Егер қауіпсіздік талаптарын сақтау, өнімділіктің тиісті деңгейін ұстап тұру немесе деректердің толықтығы мен сақталуын қамтамасыз ету үшін құрылғы орнатылған қуаттау элементінен үздіксіз қуат алуды қажет етсе, ондай қуаттау элементін ауыстырған жөн, элементті ауыстыру тек мамандандырылған сервистік орталықтарда атқарылады. Қызмет ету мерзімі аяқталған соң қолданылған қуаттау элементтерін, электрлі және электронды құрылғыларды дұрыс кәжеге жарату үшін оларды электрлі және электронды құрылғыларды жою және қайта өңдеумен айналысатын тиісті орындарға өткізген жөн. Қуаттау элементтерінің басқа типтері үшін қуаттау элементтерін құрылғыдан қауіпсіз шығару жөніндегі нұсқаулық жазылған бөліммен танысыңыз. Ондай қуаттау элементтерін қолданылған қуаттау элементтерін жинау және қайта өңдеумен айналысатын тиісті орындарға өткізіңіз.

Бұл бұйымдар мен қуаттау элементтерін екінші рет қайта өңдеу туралы анағұрлым толық ақпарат алу үшін жергілікті қалалық басқарма органдарына, тұрмыстық қалдықтарды жинау қызметіне немесе бұйымдар мен қуаттау элементтері сатып алынған дүкенге жүгініңіз.

Өндіруші: «Сони Интерэктив Энтертаймент Инк.» Мекенжайы: 1-7-1 Конан Минато-ку Токио, 108-0075 Жапония

Өндіруші - Ел
Цифрлы диктофон: Қытайда жасалған

Жасалған күні бұйым мен штрих-коды бар заттаңбада мынадай форматта көрсетіледі: ММ-YYYY, мұндағы ММ - ай, YYYY - жасалған жылы.

Кеңес берілген қызмет ету мерзімі аяқталатын жыл мен ай әр батареяда көрсетілген.



Кедендік одақ елдерінің аумағына импорттаушы

«Сони Электроникс» АҚ, Ресей 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе жолы, 6

Қазақстан аумағында тұтынушылардың шағымын қабылдайтын өкілетті ұйым: «Сони Электроникс» АҚ-ның Қазақстандағы өкілдігі, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Достық даңғ., 117/7-үй

Жеке қолдануға, цифрлы контент қосуға/жазуға арналған.

Түпнұсқа қаптамада тасымалдау қажет, тасымал кезінде лақтыруға болмайды, жерге құлаудан, соққыдан сақтау керек, артық дірілге жол беруге болмайды.

Егер осы нұсқаулықты пайдалана отырып ақауды жою мүмкін болмаса, SONY-дың жақын маңдағы жөндеу және қызмет көрсету бойынша авторланған орталығына жүгініңіз.
Қолданыстағы заңнама талаптарына сай қолдану керек. Қызметі аяқталған бұйымды қолданыстағы заңнама талаптарына сай жою қажет.

Техникалық сипаттамалары

Көлемі (пайдаланушыға қолжетімді көлем[*1*2])
4 Гб (шамамен 3,20 Гб = 3435973837байт)

Максимал жазу уақыты (кіріктірілген жады)
Төменде барлық папкалар үшін жазудың максимал уақыты көрсетілген.

LPCM 44.1 kHz/16 bit	5 сағат 20 минут
MP3 192 kbps[*3]	39 сағат 45 минут
MP3 128 kbps	59 сағат 35 минут
MP3 48 kbps (MONO)	159 сағат

Ескерту

Егер сіз ұзақ уақыт бойы үздіксіз жазатын болсаңыз, жазу барысында батареяларды жаңасына ауыстыру қажет болуы мүмкін. Батареямен жұмыс істеу уақыты туралы толық ақпаратты Батареяның жұмыс уақыты бөлімінен қараңыз.
Бұл бөлімде жазудың максимал уақыты тек анықтама ретінде көрсетілген.

Батареямен жұмыс істеу уақыты

LR03 (SG) (AAA өлшемді)[*4] сілтілі батареяларын қолданғанда

REC Mode	Жазу	Дауыс зорайтқыш көмегімен қосу	Құлаққап көмегімен қосу
LPCM 44.1 kHz/ 16 bit	Шамамен 40 сағат	Шамамен 16 сағат	Шамамен 37 сағат
MP3 192 kbps	Шамамен 55 сағат	Шамамен 18 сағат	Шамамен 43 сағат
NH-AAA[*4] аккумуляторын қолданғанда			
REC Mode	Жазу	Дауыс зорайтқыш көмегімен қосу	Құлаққап көмегімен қосу
LPCM 44.1 kHz/16 bit	Шамамен 34 сағат	Шамамен 12 сағат	Шамамен 29 сағат
MP3 192 kbps	Шамамен 40 сағат	Шамамен 14 сағат	Шамамен 34 сағат

Өлшемі (е/б/т) (шығыңқы бөліктері мен басқару органдарын қоспағанда)

Шамамен 38,3 мм x 114,1 мм x 19,3 мм

Салмағы
Шамамен 74 г (екі LR03 (AAA өлшемді) сілтілі батареясын қоса алғанда)

Сақтау шарттары
Қапталған күйде қараңғы, құрғақ, желденетін, қышқыл мен сілті сақталатын орындардан алыс бөлмеде сақтау қажет.

Жұмыс температурасы	5°C - 35°C
Жұмыс ылғалдылығы	25% - 75%
Сақтау температурасы	-10°C - +45°C
Сақтау ылғалдылығы	25% - 75%

Конденсат құрылмайтын Сақтау мерзімі белгіленбеген

Сәйкес келетін жад картасы
MicroSDHC жад картасы 4 ГБ-тан 32 Гб-қа дейін

Ескерту
MicroSDXC карталары цифрлы диктофонға сәйкес келеді.

*1 Файлдарды басқару үшін қолданылатын ішкі жадының шағын бөлігі, сондықтан пайдаланушының деректерін сақтау үшін қолжетімді емес.
*2 Орнатылған жад цифрлы диктофонда пішімделгенде.
*3 Жазба сюжетіне арналған үнсіз келісім бойынша баптаулар.
*4 Өлшенген мәндер өзіндік өлшеу жағдайында алынды. Бұл мәндер пайдалану жағдайына байланысты кішіреюі мүмкін.

Тауарлық белгілер

- Microsoft, Windows және Windows Media АҚШ және/немесе басқа елдердегі тауарлық белгілер немесе Microsoft Corporation-ның тіркелген тауарлық белгілері болып саналады.
- macOS АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc., тауарлық белгісі болып саналады.
- MPEG Layer-3 дыбысын кодтау технологиясы мен патенттер, Fraunhofer IIS және Thomson-да лицензияланған.
- MicroSD, microSDHC және microSDXC логотиптері SD-3C, LLC тауарлық белгілері болып саналады.



Басқа белгілер мен тіркелген тауарлық белгілер, тауарлық белгі және тиісті иелері тіркеген тауарлық белгі болып табылады. Одан бөлек «™» және «®» бұл нұсқаулықта әр жағдай үшін қолданылмайды.

«Sound Organizer 2» төменде көрсетілгендей бағдарламалық жасақтама модульдерін пайдаланады:
Windows Media Format Runtime

Лицензия

Лицензияға қатысты ескерту
Бұл цифрлы диктофон осы бағдарламалардың иелерімен жасалған лицензиялық келісім негізінде қолданылатын бағдарламалармен жеткізіледі. Осы қолданбалы бағдарламаларға авторлық құқық иелерінің талабы бойынша біз пайдаланушыларға келесі ақпаратты беруге тиіспіз. Келесі бөлімдерді оқыңыз Лицензиялар (ағылшын тілінде) цифрлы диктофонның ішкі жадына жазылған. Лицензияларды «LICENSE» папкасынан оқу үшін цифрлы диктофон мен компьютер арасына Mass Storage қосылысын орнатыңыз.

GNU GPL/LGPL лицензиясы бойынша таратылатын бағдарламалық жасақтама туралы
Цифрлы диктофонда келесі лицензиялар қамтитын бағдарламалар қоланылады:
GNU General Public License (әрі қарай «GPL» деп аталатын) немесе GNU Lesser General Public License (әрі қарай «LGPL» деп аталатын) қолданылуы шектеулі стандартты қоғамдық лицензия. Осы арқылы GPL/LGPL лицензиясын беру шарты бойынша сіздің аталған бағдарламалардың бастапқы деректер кодына қол жеткізіп, оны өзгертуге және таратуға құқылы екеніңізді хабарлаймыз.
Бастапқы код веб-сайтта тұр. Оны жүктеу үшін төменде көрсетілген URL-мекенжайын пайдаланыңыз.
http://www.sony.net/Products/Linux/

Бастапқы кодтың құрамына қатысты сұрақтармен бізге жүгінбеуді сұраймыз.
Лицензиялар (ағылшын тілінде) цифрлы диктофонның ішкі жадына жазылған. Лицензияларды «LICENSE» папкасынан оқу үшін цифрлы диктофон мен компьютер арасына Mass Storage қосылысын орнатыңыз.

© 2016 Sony Corporation Printed in China

SONY